

ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Рудный қаласының ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды қолдау орталығы» КММ (бұдан әрі – Рудный қаласының ЕБҚБҚО) қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері бойынша

Рудный қ.

"15" желтоқсан 2025 жыл

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабының 5-тармағына, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің Үлгілік қағидаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №488 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдарға сәйкес Рудный қаласының ЕБҚБҚО сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізіледі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың (бұдан әрі – Талдау) объектісі Рудный қаласының ЕБҚБҚО қаржы-шаруашылық қызметі болып табылады.

Қаржы-шаруашылық қызметтегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау Рудный қаласының ЕБҚБҚО директорының 2025 жылғы 1 желтоқсандағы «Рудный қаласының ЕБҚБҚО сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» № 463 бұйрығына сәйкес жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау Рудный қаласының ЕБҚБҚО қызметінің 2025 жылғы шілде айынан желтоқсан айына дейінгі кезеңі үшін жүргізіледі.

1. Талдау жүргізудің мақсаттары мен міндеттері

Талдаудың мақсаты Рудный қаласының ЕБҚБҚО сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау және оны жою болып табылады.

Талдаудың міндеті Рудный қаласының ЕБҚБҚО қызметінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жасалуына ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарын жою болып табылады.

2. Талдау барысында пайдаланылған ақпарат көздері

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қағидаларының 15-тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін ақпарат көздері мыналар болып табылады:

- 1) талдау объектісінің қызметін реттейтін құқықтық актілер мен ішкі құжаттар;
- 2) талдау объектісінің қызметі туралы статистикалық есептілік;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен алынған, талдау объектісінің қызметі туралы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының ақпараттық жүйелерінің деректері;
- 4) талдау объектісіне қатысты мемлекеттік органдар бұрын жүргізген тексерулердің нәтижелері;

- 5) ішкі бақылау қызметтерінің бақылау іс-шараларының нәтижелері;
- 6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижелері;
- 7) бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар;
- 8) талдау объектісіне қатысты жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;
- 9) талдау объектісінің лауазымды адамдарын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін жауаптылыққа тарту туралы мәліметтер, оның ішінде қылмыстық құқық бұзушылықтың және заңның өзге де бұзушылықтарының жасалуына ықпал еткен мән-жайларды жою жөніндегі ұсыныстар;
- 10) талдау объектісі қызметкерлерінің әрекеттеріне қатысты сот органдарының шешімдері, қылмыстық істердің фабулалары;
- 11) бұрын жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдаудың нәтижелері;
- 12) бұрын жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың нәтижелері;
- 13) талдау объектісінің қызметшілері мен жұмыскерлеріне жүргізілген сауалнама нәтижелері;
- 14) Қазақстан Республикасының заңнамасымен ұсынуға тыйым салынбаған өзге де мәліметтер.

I. Нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

1.1. Негізгі функцияларды іске асыру

Нормативтік база:

Өз қызметінде Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Рудный қаласының ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды қолдау орталығы» КММ мынадай қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерді басшылыққа алады:

1. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» (Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 Заңы);
2. «Білім туралы» (Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 III Заңы);
3. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы);
4. «Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ-нің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы);
5. «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, тандау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ-нің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы).
- 6 «білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы);

7 «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтар тізбесін, мектепке дейінгі ұйымдарға және орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендерді, оның ішінде электрондық нысандағы оқу-әдістемелік кешендерді бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы);

8 «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы).

9. «Арнайы білім беру ұйымдары түрлерінің қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 14 ақпандағы № 66 бұйрығы);

10. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 596 бұйрығы);

11. «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы);

12. «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы).

13. «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығы);

14. «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығы);

15. «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы).

19. «"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы»

(Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 2 сәуірдегі № 125 бұйрығы);

21. «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы);

26. «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығы);

27. «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы);

31. «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдары үшін үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығы);

32. «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдардың лауазымдары үшін үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығы);

33. Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 92 бұйрығы).

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Ішкі құжаттарда (бұдан әрі – ІҚ) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Рудный қаласының ЕБҚБҚО істер номенклатурасы 2021 жылғы 15 қарашада 2022–2025 жылдарға арналған мерзімге бекітілген. Рудный қаласының ЕБҚБҚО ішкі құжаттар электрондық базаларда да, қағаз тасымалдаушыларда да жүргізіледі; бұйрықтар Қазақстан Республикасының гербі бейнеленген бланкілерде мемлекеттік және орыс тілдерінде шығарылады; кіріс және шығыс құжаттарды тіркеу журналдары жүргізіледі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

II. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

2.1. Мемлекеттік қызмет көрсету

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Рудный қаласының ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды қолдау орталығы» КММ мемлекеттік қызметтің 3 (үш) түрі көрсетіледі:

1. білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру (ХҚКО арқылы);
2. педагогтерді аттестаттау;
3. арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша (қағаз түрінде)

оқыту үшін мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған білім берудің арнайы ұйымдарына (арнайы топтарына/сыныптарына) құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау. Бұл мемлекеттік қызметтер электрондық түрде де, қағаз түрінде де жүргізіледі.

Есепті кезеңде арнайы жалпы білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы ұйымдарға (арнайы топтарға/сыныптарға) қабылдау және құжаттарды қабылдау бойынша Мемлекеттік қызмет көрсетілді — 17 жағдай. Ай сайын орындалған мемлекеттік қызметтер туралы мәліметтер «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жолданады.

Жоғарыда аталған қызметтерді көрсету кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

2.2. Кадр саясаты персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы.

Тәртіптік практика

Рудный қаласының ЕБҚБҚО барлық бос орындары enbek.kz ресми сайтында, Instagram @cprd_s_oop_rudny және Facebook парақшаларында жарияланады.

2025 жылдың екінші жартыжылдығында Рудный қаласының ЕБҚБҚО-да 34 қызметкер қабылданған және 30 қызметкер жұмыстан шыққан. Мұндай кадрлық динамика мекеменің балансында орналасқан «Лесная сказка» жазғы сауықтыру лагерінің жұмысымен байланысты, онда жыл сайын 15 маусымнан 28 тамызға дейін маусымдық қызметкерлер тартылып келеді.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 1-бабының 56-тармағында қосымша жұмыс туралы, ол жұмыскердің негізгі жұмыстан бос уақытында еңбек шарты бойынша басқа тұрақты төленетін жұмысты орындауы ретінде белгіленген.

Қосымша жұмыс қызметкер тарапынан негізгі жұмыстағы жерде (ішкі қосымша жұмыс) немесе басқа жұмыс берушіде (сыртқы қосымша жұмыс) орындалуы мүмкін.

Қосымша жұмыстың міндетті шарты – басқа жұмысты тек негізгі жұмыстан бос уақытта орындау (жұмыс ауысымы аяқталғаннан кейін, жұмыс күні аяқталғаннан кейін).

Кодекстің 26-бабының 2-тармағының 5-тармақшасы қосымша жұмысқа 18 жасқа толмаған, ауыр жұмыстарда немесе зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайында жұмыс істейтін қызметкерлерді, медициналық қызметкерлерді қоспағанда, жұмысқа қабылдауға жол берілмейтінін белгілейді.

Сонымен қатар, Кодекстің 68-бабының 3-тармағы және 71-бабының 4-тармағы бойынша негізгі жұмыс орнындағы және қосымша жұмыс орнындағы күнделікті жұмыстың жалпы ұзақтығы жұмыс уақыты нормасынан күн сайын 12 сағаттан аспауы керек деп белгіленген.

Кодекстің 32-бабының 4-тармағына сәйкес, басқа жұмыс берушімен қосымша жұмысқа еңбек шарты жасау үшін жұмыскер негізгі жұмыс орнының еңбек сипаттамасы мен шарттарын көрсететін анықтаманы (жұмыс орны, лауазымы, еңбек жағдайлары, жұмыс кестесі) міндетті түрде жұмыс берушіге ұсынуы тиіс.

Жүргізілген талдау көрсеткендей, Рудный қаласының ЕБҚБҚО-да ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау кезінде жалпы қызметкерлер саны **113** адамды құрайды, олардың ішінде **31** қызметкер қосымша жұмыс істейтіндер болып табылады, бұл жалпы персонал санының **27%** құрайды.

Рудный қаласының ЕБҚБҚО жалпы қызметкерлер санынан **22** қызметкер ішкі қосымша жұмысшы болып табылады, яғни **19 %** (қосымша жұмысшының негізгі жұмыс орны – Рудный қаласының ЕБҚБҚО), ал **9** қызметкер сыртқы қосымша жұмысшы болып табылады, яғни **8 %** (қосымша жұмысшының негізгі жұмыс орны – басқа заңды тұлға).

Әрбір сыртқы қосымша жұмысшы бойынша Рудный қаласының ЕБҚБҚО-да кадр мәселелері жөніндегі инспектор жеке іс жүргізген, онда қосымша жұмысқа еңбек шарты жасау үшін Кодекстің 32-бабында көрсетілген қажетті құжаттар тізімі бар, соның ішінде негізгі жұмыс орнының еңбек сипаты мен жағдайларын көрсететін анықтама (жұмыс орны, лауазымы, еңбек жағдайлары) бар.

Кодекстің 33-бабына сәйкес, Рудный қаласының ЕБҚБҚО әрбір қосымша жұмысшымен жеке еңбек шарты жасайды, ол жазбаша түрде екі тілде – мемлекеттік және орыс тілдерінде екі данада дайындалады және тараптар қол қояды.

Қосымша жұмысшылар еңбек міндеттерін орындау кезеңінде Рудный қаласының ЕБҚБҚО құрылымдық бөлімшелерінің басшылары (олар сонымен қатар **кесте жасаушылар** болып табылады, яғни жұмыс кестелері мен жұмыс уақыты есеп кестесін жасауға жауапты тұлғалар директордың: оқу ісі жөніндегі орынбасары, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, директордың әкімшілік-шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары, медбике, бас аспаз) ай сайын олардың жұмыс кестелерін құрастырады, оны Жұмыс беруші бекітеді, сондай-ақ әрбір қосымша жұмысшының ай бойы нақты өткізген жұмыс сағаттарын көрсететін есеп кестелерін жасайды.

Ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау барысында, Рудный қаласының ЕБҚБҚО қызметкерлерінің жұмыс кестелері мен жұмыс уақыты есеп кестелеріне сүйене отырып, Жұмыс тобы тәрбиешілердің есеп кестелерінде директордың қолы жоқ болған **фактілерді анықтады** (кесте жасаушы – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары) 2025 жылдың мамырынан қыркүйегіне дейінгі кезеңде, бұл бекітілген **тәртіптің ауыр бұзылуы** болып табылады. Сонымен қатар, мекемеде бос лауазымдардың болуы тәрбие ісі жөніндегі қызметкерлердің тарифтік жүктемесінің **асып кету жағдайларын** тудырғаны анықталды.

Ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау барысында Жұмыс тобы Кодекстің 26-бабының 2-тармағының 5-тармақшасының талаптарының бұзылуын **анықтаған жоқ**, яғни 18 жасқа толмаған қызметкерлерді және ауыр, зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайында жұмыс істейтін қызметкерлерді (медициналық қызметкерлерді қоспағанда) қосымша жұмысқа қабылдауға тыйым салу талаптары сақталған.

Ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау барысында Жұмыс тобы құрылымдық бөлімшелер басшыларының (кесте жасаушылардың) қосымша жұмысшылардың ай бойы нақты өткізген жұмыс сағаттарын көрсететін жұмыс уақыты есеп кестелерінде еңбек ақысын есептеу үшін бухгалтерияға жалған мәлімет беру жағдайларын **анықтамады**.

Рудный қаласының ЕБҚБҚО педагогикалық этика кеңесі есептік кезеңде педагогтардың кәсіби этика нормаларын сақтауымен байланысты келіп түскен өтініштерді қарастырды. Өткізілген отырыстардың қорытындысы бойынша келесі жайттар анықталды.

2025 жылғы 23 маусымда Ж.Т. Ержановаға ескерту түрінде тәртіптік жаза қолданылды. 2025 жылғы 14 шілдеде А.А. Андроповаға ұқсас тәртіптік жаза жарияланды. 2025 жылғы 30 шілдеде Г.А. Айтыковаға ескерту жасалды, ал О.В. Борсуковаға тәртіптік шаралар қолданылмады.

2025 жылғы 6 тамыздағы Кеңес отырысында Ахмин Л.С., Кабдулов А.С. және Молдабекова Ж.Х. туралы берілген мәліметтер тәртіптік шара қолданбай қаралды.

2025 жылғы 23 қазанда З.Х. Рахимжанова және Е.В. Констанденковаға ескерту түрінде тәртіптік жаза жарияланды.

2025 жылғы 19 қарашада Д.А. Пыряев ескерту түрінде тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

2025 жылғы 25 қарашада З.Х. Рахимжанова және Г.А. Айтыковаға қатысты материалдар бойынша тәртіптік шаралар қолданбау туралы шешім қабылданды.

2025 жылғы 8 желтоқсанда А.А. Андроповаға сөгіс түрінде тәртіптік жаза қолданылды.

Тексерілетін кезеңде 2025 жылғы шілде-желтоқсан:

№ р/р	лауазымы	бос орын кезеңі	қабылдау туралы бұйрық
1	Ыдыс жуушы	11.08.-11.09.2025	11.09.2025 № 145-ж/қ
2	Дене шынықтыру мұғалімі	15.08.-22.08.2025	04.09.2025 № 138- ж/қ
3	Тәлімгер	15.08.-22.08.2025	29.08.2025 № 124- ж/қ
4	Көлік жүргізушісі	18.08.-18.09.2025	02.09.2025 № 127- ж/қ
7	Аспаз	03.11.-03.12.2025	01.12.2025 № 170- ж/қ
8	Ғимараттарға кешенді қызмет корсету және жөндеу жөніндегі жұмысшы	05.12.-05.01.2026	
9	Күзетші	21.08.-21.09.2025	16.09.2025 № 148- ж/қ
10	Математика (алгебра,геометрия) мұғалімі	04.09.-11.09.2025	Жуктеме Баяханова А.Б., Молдабекова Ж.Х.арасында бөлінді
11	Дефектолог	04.09.-11.09.2025	09.09.2025 № 144 л/с
12	Электромонтер	15.09.-15.09.2025	15.09.2025 № 147-л/с
13	Қызметтік үй-жайларды тазалаушы	20.10.-20.11.2025	01.12.2025 № 172-л/с
14	Кадрлар жөніндегі инспектор	20.10.-03.11.2025	01.12.2025 № 169-л/с
15	Тәрбиеші	04.11.-25.11.2025	10.11.2025 № 165-л/с
16	Тәрбиеші	04.12.-04.01.2026	

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері: бақылаудың жеткіліксіздігі кезінде құрылымдық бөлімше басшысының басшы және табельші функцияларын қоса

атқаруы деректерді субъективті бекіту, мүдделер қақтығысы және негізсіз еңбекақы төлеу тәуекелін тудырады.

Есепті кезеңде қызметкерлерді тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы 7 Ішкі бұйрық шығарылды. «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ тәртіптік жаза қолдану туралы 1 Сыртқы бұйрық шығарды.

1	Айтыкова Г.А.	тәрбиеші	31.07.2025 ж. № 221- к бұйрық п., (тәртіп.жаза алынды 24.11.2025ж. № 335-К Б)
2	Ержанова Ж.Т.	тәрбиеші	16.07.2025 ж. № 132- к бұйрық. (тәртіп.жаза алынды 24.11.2025ж. № 335-К Б)
3	Андропова А.А.	тәрбиеші	14.07.2025 ж. № 188- к бұйрық
4	Рахимжанова З.Х., Констанденкова Е.В.	тәрбиеші, дефектолог-мұғалім	12.11.2025 ж. № 318- к бұйрық
5	Пыряев Д.А.	ҚБП	24.11.2025 ж. № 334- к бұйрық
6	Подгорнова Е.Ю, Скачкова В.С.	Бухгалтер, бас бухгалтер	25.11.2025 ж. № 342- к бұйрық
7	Жолтаев А.Б.	Директор	21.11.2025 ж. № 350- к бұйрық
8	Бырко А.В.	Дир.ТІ жөнінд.орынб.	03.12.2025 ж. № 347 - к бұйрық
9	Андропова А.А.	тәрбиеші	10.12.2025 ж. № 351- к бұйрық
10	Исмаилов А.А., Холошня Е.Ю.	тәрбиеші	11.12. 2025 ж. № 353- к бұйрық

Бұқаралық ақпарат құралдарында қызметкерлерге теріс ақпарат орналастырылған жоқ.

Мүдделер қақтығысы

жақын туыстарының (тікелей бағыну және бағынбау) жұмысы көрсетіледі

ТАӘ	Лауазымы	Туыстық түрі	Тікелей бағыну (иә / жоқ)	Кім болып тағайындалды
Симина Ирина Анатольевна	Тәрбиеші	қызы Иванова Марина Александровна	жоқ	тәрбиеші
Камынина Ирина Александровна	Қосымша білім беру педагог	сіңілісі Захарова Елена Александровна	жоқ	Қосымша білім беру педагог

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ. Мүдделер қақтығысы фактілері жоқ.

Қаржылық-шаруашылық қызметті талдау, мемлекеттік сатып алулар.

Ішкі талдау жүргізілген кезеңде Рудный қаласының ЕБҚБҚО балансына 4 бірлік қызметтік автокөлік тіркелген, атап айтқанда: ГАЗ 2705 көлігі, мемлекеттік нөмірі 603AD10; жеңіл көлік ВАЗ 21070, мемлекеттік нөмірі 645AD10; жеңіл көлік Chevrolet Tracker, мемлекеттік нөмірі 310AR10; Јас Sunray автобусы, мемлекеттік нөмірі 839BE10.

ГАЗ 2705 көлігі, мемлекеттік нөмірі 603AD10, рамасының бұзылған (жарылған) салдарынан жұмыс жағдайынан тыс қалды, бұл конструкция

геометриясының бұзылуына, қаттылығының жоғалуына және қауіпсіз пайдалану мүмкін еместігіне әкелді. ВАЗ 21070 жеңіл көлігі, мемлекеттік нөмірі 645AD10, қозғалтқыш ақаулығынан жұмыс жағдайында емес.

Барлық қызметтік автокөліктер тек Рудный қаласының ЕБҚБҚО шаруашылық міндеттерін шешу үшін, сондай-ақ тәрбиеленушілерді тасымалдау және қызметкерлердің іс-сапарларын орындау үшін қолданылады. Көлікті пайдалану Рудный қаласының ЕБҚБҚО директорының «Қызметтік автокөлікті тиімді пайдалану туралы» 2025 жылғы 13 шілдедегі № 233 бұйрығымен реттеледі.

Автокөліктің мақсатты пайдалануын бақылауды директордың әкімшілік-шаруашылық жөніндегі орынбасары жүзеге асырады. Рудный қаласының ЕБҚБҚО аталған автокөліктеріне жанармай ретінде бензин (әрі қарай – ЖЖМ) пайдаланылады.

ЖЖМ талондарын сатып алу Рудный қаласының ЕБҚБҚО-да «Баланың құқықтарын қорғау функцияларын жүзеге асыратын ұйымдардың тауарлар мен қызметтерді сатып алу ережелері» бойынша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 30 маусымдағы № 412 бұйрығымен бекітілген тәртіппен жүзеге асырылады.

Жоғарыда аталған автокөліктерде трансмиссиялық, мотор майларын, тежегіш және салқындатқыш сұйықтықтарды ауыстыру оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметтер көрсету туралы жасалған шарттарға (ТҚК) сәйкес жүзеге асырылады.

Рудный қаласының ЕБҚБҚО сатып алған ЖЖМ талондары бойынша жүргізушілер автокөліктерді Рудный қаласы, Қостанай қаласы және Қостанай облысындағы басқа ЖҚС-де жанармаймен қамтамасыз етеді.

Мәселен, 2025 жылдың **екінші жартыжылдығында** Рудный қаласының ЕБҚБҚО АИ 92 маркалы бензинге -2000 литр талон 460 000 теңге сомасына сатып алынды.

Көлік жүргізушілерінің жұмысын есепке алу және бақылау, сондай-ақ «Автомобиль көлігі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 15-тармақшасына сәйкес Рудный қаласының ЕБҚБҚО автокөлік құралдарының жұмысын бақылау үшін жол парағын пайдаланады.

Бұл құжат ЖЖМ есептен шығаруға арналған деректерді қамтитын және әрбір автокөлік құралына жеке толтырылатын бастапқы құжат болып табылады.

Рудный қаласының ООП бар БҚБО-дегі автокөліктерге ЖСМ шығыны нормаларын есептеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 11 тамыздағы № 1210 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары үшін жанармай-майлау материалдарының шығыны нормаларын бекіту және автокөлікті ұстауға кететін шығындар туралы» Қаулысымен, сондай-ақ автокөлік өндіруші зауытының техникалық құжаттамасына сәйкес жүргізіледі.

Әрбір автокөлік үшін комиссия мүшелерінің қолымен бекітілетін ЖСМ тозуын есепке алу актісі жасалады, кейін бұл актіні Рудный қаласының ООП бар БҚБО директоры бекітеді.

Рудный қаласының ЕБҚБҚО автокөліктерге ЖЖМ шығыны нормаларын есептеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 11 тамыздағы № 1210 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына арналған жанар-жағармай материалдары шығыстарының және автокөлікті күтіп ұстауға арналған

шығыстардың нормаларын бекіту туралы» Қаулысымен, сондай-ақ автокөлік өндіруші зауытының техникалық құжаттамасына сәйкес жүргізіледі.

Әрбір автокөлік құралына комиссия мүшелерінің қолымен ЖЖМ есептен шығару актісі жасалады, кейіннен мұндай актіні Рудный қаласының ЕБҚБҚО директоры бекітеді.

Жүргізілген талдау көрсеткендей, Рудный қаласының ООП бар БҚБО-де балаларды тамақтандыруға байланысты тауарларды сатып алу мемлекеттік орта білім ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында, сондай-ақ мемлекеттік балабақшаларда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіби, орта артық білім ұйымдарында тәрбиеленіп, оқитын балаларды тамақтандырумен байланысты тауарларды сатып алу ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады, бұл ережелер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығымен бекітілген.

Тауарлар мен қызметтерді сатып алу баланың құқықтарын қорғау функцияларын жүзеге асыратын ұйымдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 30 маусымдағы № 412 бұйрығымен бекітілген ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

Рудный қаласының ООП бар БҚБО-нің қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті жұмыстарды сатып алу Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Заңына сәйкес жүргізіледі.

Жүргізілген талдау көрсеткендей, Рудный қаласының ЕБҚБҚО-да балаларды **тамақтандыруға** байланысты тауарларды сатып алу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында, қосымша білім беретін мектептен тыс ұйымдарда білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Тауарлар мен қызметтерді сатып алу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 30 маусымдағы № 412 бұйрығымен бекітілген баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың тауарлары мен көрсетілетін қызметтерін сатып алу Қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Рудный қаласының ЕБҚБҚО қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті **жұмыстарды** сатып алу Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Заңына сәйкес жүргізіледі.

Рудный қаласының ЕБҚБҚО-да тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу Қазақстан Республикасының жоғарыда аталған нормативтік құқықтық актілеріне толық сәйкес конкурс тәсілімен, баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен, бір көзден алу тәсілімен немесе тікелей келісімшарт жасау арқылы жүзеге асырылады.

Мысалы, 2025 жылдың екінші жартыжылдығында Рудный қаласының ЕБҚБҚО тауарлар, жұмыстар және қызметтер жеткізушілерімен 98 келісімшарт жасады, жалпы сомасы 33 668 908,9 теңге, оның ішінде 5 келісімшарт өткізілген

конкурстардың қорытынды хаттамалары негізінде, жалпы сомасы 4 748 782 теңге, 92 келісімшарт бір көзден тікелей келісімшарт жасау арқылы, жалпы сомасы 28 799 059,38 теңге, 1 келісімшарт конкурс қорытындысы шықпай тұрып, жалпы сомасы 121 067,52 теңге.

Рудный қаласының ЕБҚБҚО-да өткізілетін әрбір конкурс бойынша Рудный қаласының ЕБҚБҚО қызметкерлерінен тұратын конкурс комиссиясы құрылады және директордың бұйрығымен бекітіледі.

Әрбір конкурс бойынша конкурс комиссиясының төрағасы – Рудный қаласының ЕБҚБҚО директоры, ол конкурс комиссиясының отырыстарын өткізеді және әрбір отырысқа төрағалық етеді.

Конкурс комиссиясының барлық шешімдері конкурс комиссиясының мүшелері арасында ашық дауыс беру арқылы қабылданады және әрбір мүшесі қол қояды, бұл Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Конкурстық комиссияның барлық шешімдері Конкурстық комиссия мүшелерінің ашық дауыс беруі арқылы қабылданады және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көрсетілгендей конкурстық комиссияның әрбір мүшесі қол қояды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

2.3. Процестерді цифрландыру, құжаттаманы есепке алу

Рудный қаласының ЕБҚБҚО құжат айналымы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 25 тамыздағы № 236 «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда электрондық құжат айналымы жүйелерін құжаттау, құжаттаманы басқару және пайдалану қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына, 2022-2025 жылға арналған істер номенклатурасына сәйкес электрондық және қағаз тасымалдағыштарда жүзеге асырылады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

2.4. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау

Рудный қаласының ЕБҚБҚО жеке тұлғалардың өтініштерін Е-ӨТІНІШ электрондық өтініштерді есепке алу жүйесі арқылы қарайды. Ұйым бойынша бұйрықпен өтініштермен жұмыс істеуге жауапты тұлға тағайындалған. Күн сайын келіп түскен өтініштердің бар-жоғы тексеріледі. Ай сайын келіп түскен және өңделген өтініштер бойынша өспелі қорытындымен есептілік жасалады. Есепті кезеңде 10 (он) өтініш келіп түсті және қаралды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

2.5. Ақпараттың ашықтығын қамтамасыз ету

Ұйым интернет-ресурстарда ақпаратты орналастырады: ресми сайт (cpdsoop.edu.kz)

Instagram https://instagram.com/cpd_s_oop_rudny?igshid=MzRIODBiNWFIZA

Facebook <https://www.facebook.com/profile.php?id=100049748259740>

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

2.6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы және қоғамдық мониторинг нәтижелері

Есепті кезеңде сыбайлас жемқорлыққа қарсы және қоғамдық мониторинг жүргізілген жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

2.7. Бақылау және рұқсат беру функцияларын іске асыру

Рудный қаласының ЕБҚБҚО-да бақылау және рұқсат беру функциялары жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

2.8. Сот тәжірибесін талдау

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Рудный қаласының ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды қолдау орталығы» КММ өз өкілеттіктері шеңберінде азаматтық және әкімшілік істер бойынша сотта талапкер, жауапкер және үшінші тұлға ретінде қатысты.

1. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Рудный қаласының ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды қолдау орталығы» КММ Исмаилова Жаркын Каюповнаға тұрғын үйден шығару және коммуналдық төлемдер бойынша берешекті өтеу туралы талап қоюы бойынша азаматтық іс шеңберінде тараптар арасында жасалған бітімгершілік келісімді сот бекітті.

2. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 11.09.2025 жылғы Кравец Александр Леонидовичке ата-ана құқықтарынан айыру туралы талап қоюы бойынша, іске үшінші тұлға ретінде Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Рудный қаласының ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды қолдау орталығы» КММ қатысуымен, 08.10.2025 жылы мәлімделген талаптарды қанағаттандыру туралы шешім шығарылды. А. Л. Кравец ата-ана құқықтарынан айырылды.

3. Қостанай облысының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында 15.09.2025 жылы қаралған, Гетманский Михаил Николаевичтің Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Рудный қаласының ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды қолдау орталығы» КММ ата-ана құқықтарын қалпына келтіру туралы жауапкер ретінде қойған азаматтық ісі бойынша талап қою талаптары қанағаттандырылды. М. Н. Гетманский ата-ана құқықтарына қалпына келтірілді, бала отбасына қайтарылды.

4. 10 желтоқсанда Рудный қаласының «ЕБҚБҚО» КММ Қостанай облысының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында С.Ю.Савченконың ата-ана құқықтарын шектеуді жою және алимент өндіруді тоқтату туралы талап қоюы бойынша жауапкер ретінде қатысты. Талап арыз қараусыз қалдырылды. Сенімхат бойынша өкілі И.В. Жилкина болды.

Сенімхат бойынша өкіл — әлеуметтік педагог Жилкина И.В.

Сенімхат 2025 жылғы 28 мамырдағы № 01.02-04/745.

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Рудный қаласының ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды қолдау орталығы» КММ атына сотпен жеке ұйғарымдар шығарылған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

2.9. Қадағалау органдарының тексерулерінің нәтижелері туралы мәліметтер

Есепті кезеңде қадағалау органдарының тексерулері жүргізілген жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

2.10. Фискалдық органдардың тексерулерінің нәтижелері туралы мәліметтер

Есепті кезеңде Рудный қаласының ЕБҚБҚО-да фискалдық органдардың тексерулері жүргізілген жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

2.11. Құқық қорғау органдарының, үкіметтік емес ұйымдардың және азаматтардың мәліметтері

Есепті кезеңде құқық қорғау органдары, үкіметтік емес ұйымдар және азаматтар тарапынан Рудный қаласының ЕБҚБҚО-да анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы мәліметтер жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

2.11. БАҚ және өзге де ақпарат көздеріне мониторинг

Есепті кезеңде Рудный қаласының ЕБҚБҚО-ға қатысты жағымсыз сипаттағы жарияланымдар және сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы ақпараттар болған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Жұмыс тобының ұсынымдары:

1. 2026 жылғы қаңтар айынан бастап Рудный ЕБҚБҚО медициналық блогында Рудный қаласының ЕБҚБҚО көлік жүргізушілеріне Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 15.10.2022 жылғы № ҚР ДСМ 131/2020 бұйрығының 4-қосымшасында бекітілген нысанға сәйкес күн сайын ауысым алдындағы медициналық тексеруді қамтамасыз ету.

2. Рудный қаласының ЕБҚБҚО қызметтік автокөлігі бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жанар-жағармай материалдарының шығыс нормаларының сақталуын қамтамасыз ету.

3. Рудный қаласының ЕБҚБҚО-да Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алуларды реттейтін заңнамасын бұзушылықтарға жол бермеу, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу, сондай-ақ тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындау себептері мен жағдайларын жою мақсатында Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алулар саласындағы заңнамасына енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларға, сондай-ақ баланың құқықтарын қорғау

функцияларын жүзеге асыратын ұйымдардың тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуын регламенттейтін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бұйрықтарына тұрақты құқықтық мониторингті қамтамасыз ету.

4. Құқықтық сауаттылықты арттыру мақсатында Рудный қаласының ЕБҚБҚО конкурстық комиссиясы мүшелерінің мемлекеттік сатып алулар саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, оның ішінде баланың құқықтарын қорғау функцияларын жүзеге асыратын ұйымдардың тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуын реттейтін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің бұйрықтарын зерделеуді жалғастыру.


5. Рудный қаласының ЕБҚБҚО бухгалтериясы, ас блогы және басқа да қызметтері тарапынан балаларды қолдау Орталығымен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізу кезінде Жеткізушілердің шарт талаптарын орындауына тиісті бақылауды қамтамасыз ету.

6. Негізгі жұмыстан бос уақытында еңбек шарты талаптарында басқа тұрақты ақылы жұмысты (қоса атқару) орындау барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол бермеу мақсатында Рудный қаласының ЕБҚБҚО басшылығы тарапынан әрбір қоса атқарушының ай ішінде нақты жұмыс істеген жұмыс уақыты сағаттарына тұрақты бақылау жүргізу қажет. Бұл ретте Рудный қаласының ЕБҚБҚО құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына (табель жүргізушілерге) әрбір қоса атқарушы бойынша ай сайынғы жұмыс уақыты табелін толық және дұрыс толтыру үшін дербес жауапкершілік жүктелсін.

7. Мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шарттар бойынша жеткізушілердің өз міндеттемелерін орындамау немесе тиісінше орындамау фактілері анықталған жағдайда, Рудный қаласының ЕБҚБҚО Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алулар туралы» заңнамасын бұзғаны үшін осындай жеткізушілерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алуларына жосықсыз қатысушылар деп тану туралы Қостанай облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына талап арызбен Рудный қаласының ЕБҚБҚО жеткізуші тарапынан бұзушылық фактісі белгілі болған күннен бастап 30 күнтізбелік күннен кешіктірмей жүгінуі тиіс.

Жұмыс тобының мүшелері:

1. Жолтаев А.Б.
2. Таранухина О.И.
3. Бырко А.В.
4. Комарова Н.Н.
5. Карпик Е.А.
6. Скачкова В.С.
7. Березуцкая О.И.
8. Жилкина И.В.
9. Ержанова Ж.Т.



Handwritten signatures of the members of the working group on lined paper. The signatures are written in blue ink. The names of the signatories correspond to the list provided on the left: Жолтаев А.Б., Таранухина О.И., Бырко А.В., Комарова Н.Н., Карпик Е.А., Скачкова В.С., Березуцкая О.И., Жилкина И.В., and Ержанова Ж.Т.

Қосымша 4
Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін
ішкі талдау жүргізу бойынша
әдістемелік ұсынымдарға

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Рудный қаласының ерекше
білім беру қажеттілігі бар балаларды қолдау орталығы» КММ сыбайлас жемқорлық
тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша айқындалған сыбайлас жемқорлық
тәуекелдеріне бейім лауазымдардың тізбесі

№	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшырайтын лауазым	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыратын қызметтік өкілеттіктер	Сыбайлас жемқорлық тәуекелі
1	Директор	Білім беру ұйымының барлық қызмет бағыттарын стратегиялық және операциялық басқару.	Жеткіліксіз немесе бұрмаланған ақпаратқа сүйене отырып басқарушылық шешімдер қабылдаудың тәуекелі, сондай-ақ лауазымды өкілеттіктерді жеке тұлғалар немесе заңды тұлғалардың мүддесіне пайдалану ықтималдығы.
2	Хатшы	Мемлекеттік қызмет көрсету аясында құжаттарды қабылдау, өңдеу және тіркеу.	Құжаттарды өңдеу кезінде деректерді қасақана немесе абайсыз түрде қате енгізу тәуекелі, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету кезінде үшінші тұлғаларға басымдық беру ықтималдығы.
3	Кадрлар жөніндегі инспектор	Қызметкерлерді іріктеу және қабылдау рәсімдерін ұйымдастыру және өткізу.	Конкурстар мен бос орындар туралы ақпараттың шектеулі немесе уақтылы берілмеу қаупі, бұл қызметкерлерді әділетсіз іріктеуге әкелуі мүмкін.
4	Бас бухгалтер, бухгалтер	Сатып алу рәсімдерін жоспарлау және ұйымдастыру, конкурс және келісімшарттық құжаттаманы дайындау, сондай-ақ қызметкерлерге қолданыстағы заңнаманың нормаларын түсіндіру.	Байқау құжаттамасы мен келісімшарттарды бұрмалау немесе дұрыс рәсімдемеу қаупі; сатып алулар кезінде үшінші ұйымдардың жасырын ықпал ету ықтималдығы; еңбек заңнамасының талаптарын орындамау қаупі
5	Директордың әкімшілік-шаруашылық жөніндегі орынбасары	Қызметкерлердің нормативтік құқықтық актілерді, оның ішінде өрт қауіпсіздігі талаптары, санитарлық-эпидемиологиялық нормалар және мүгедектігі бар адамдарға арналған қолжетімділік стандарттарын сақтауын бақылау.»	Өрт қауіпсіздігі, санитарлық-эпидемиологиялық нормалар, сондай-ақ мүгедектігі бар адамдарға арналған қолжетімді ортаны қамтамасыз етуге қатысты нормативтік талаптардың сақталмау қаупі, бұл бұзушылықтарды жасыруға және белгіленген регламенттерден ауытқуға әкелуі мүмкін.

6	Директордың оқу ісі/тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	Қызметкерлердің оқу-тәрбие процесін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді орындауын қамтамасыз ету және белгіленген білім беру талаптарының сақталуын бақылау	Білім беру процесін ұйымдастыруға қатысты нормативтік талаптардың сақталмау қаупі, бұл шешім қабылдауда әділетсіздіктің пайда болуына және салалық министрліктің бұйрық талаптарының бұзылуына әкелуі мүмкін.
7	Медициналық персонал	Санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың орындалуын бақылау, сондай-ақ қызметкерлерді міндетті санитарлық нормалар мен ережелер туралы хабардар ету	Санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың уақытында немесе толық орындалмау қаупі, сондай-ақ санитарлық режимнің нақты жағдайы туралы ақпараттың бұрмалану мүмкіндігі, бұл бұзушылықтарды жасыруға және негізсіз шешімдер қабылдауға жағдай туғызуы мүмкін.
8	Әлеуметтік педагог	Кәмелетке толмағандардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға байланысты құқықтық және әлеуметтік рәсімдерге қатысу, соның ішінде сот процестерін жүргізуге қолдау көрсету және әлеуметтік маңызды құжаттарды рәсімдеу	Сот және әлеуметтік рәсімдерге жеткілікті объективті түрде қатыспау қаупі, соның ішінде алименттік міндеттемелерді рәсімдеу және кәмелетке толмағандарды тұрғын үй алу үшін есепке қою, бұл олардың құқықтары мен мүдделерінің бұзылуына әкелуі мүмкін.